

2017 жылға Шарбақты ауданы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 17 қарашадағы № 368/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 желтоқсанда № 5288 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 218/6 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 20.07.2017 № 218/6 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Шарбақты ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квотасы:

Шарбақты ауданы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін Шарбақты ауданының ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар үшін ұйымның тізімдік санының бір пайызы көлемінде, 1 қосымшаға сәйкес;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін Шарбақты ауданының ұйымдық-құқықтық нысанына және

меншік нысанына қарамастан, ұйымдар үшін ұйымның тізімдік санының екі пайызы көлемінде, 2 қосымшаға сәйкес; пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін Шарбақты ауданының ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар үшін ұйымның тізімдік санының екі пайызы көлемінде, 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.А. Неғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев

Шарбақты аудан әкімдігінің
2016 жылғы "17" қараша
№ 368/9 қаулысына
1 қосымша

Шарбақты ауданы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарға арналған жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Үлес мөлшері (қызметкерлердің тізімдік саны %)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарға арналған жұмыс орындарының саны
1	Ж Ш С " Шарбақты - Құс"	170	1%	2

Шарбақты аудан әкімдігінің
2016 жылғы "17" қараша
№ 368/9 қаулысына
2 қосымша

Шарбақты ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Үлес мөлшері (қызметкерлердің тізімдік саны %)	бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны
1	Ж Ш С " Шарбақты - Құс"	170	2%	4

Шарбақты аудан әкімдігінің
2016 жылғы "17" қараша
№ 368/9 қаулысына
3 қосымша

Шарбақты ауданы бойынша Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға арналған жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Үлес мөлшері (қызметкерлердің тізімдік саны %)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны
1	Ж Ш С " Шарбақты - Құс"	170	2%	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК